

«LauRus» бөбекжайы

Сауат ашу негіздері

Сөз және сөйлем ұғымдарымен танысу

Балапан тобы: Тулекова М.А

2025 – 2026 оқу жылы

Бекітемін:

Т.Т.

Күні: 11.09.25 ж

Тақырыбы: Мен не үйрендім? Дыбыс, буын, сөз

Максаты: Балалардың дыбыс, буын, сөз туралы білімдерін бекіту, сөздерді дұрыс айтуға және буынға бөлуге үйрету.

Міндеттері:

Білімділік: Дыбыс, буын, сөз ұғымдарын түсіндіру.

Дамытушылық: Балалардың ойлау, сөйлеу және есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Тәрбиелік: Білімге қызығушылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер:

Сұрақ-жауап, ойын, түсіндіру, көрсету.

Көрнекіліктер:

Әріптер карточкасы, суреттер, буын карталары.

Негізгі ұғымдар:

Дыбыс – біз айтқанда естілетін тілдің ең кіші бөлігі. Мысалы: а, м, б, т.

Буын – сөзді айтқанда ауыздан бір рет шығатын дыбыс бөлігі. Мысалы: ба-ла, а-на, ке-ме.

Сөз – белгілі бір мағынасы бар дыбыстардың немесе буындардың бірігуі. Мысалы: ана, бала, мектеп, кітап.

Сабақ барысы

1. Шаттық шеңбері

Балалар бір-біріне жақсы тілектер айтып, сабаққа жақсы көңіл күймен кіреді.

2. Қайталау

Сұрақтар:

Дыбыс дегеніміз не?

Буын дегеніміз не?

Сөз дегеніміз не?

3. Ойын «Буынға бөл»

Тәрбиеші сөз айтады, балалар буынға бөледі:

ба-ла, а-на, ке-ме.

4. Ойын «Қай дыбыстан басталады?»

Балалар суретке қарап бірінші дыбысты айтады:

алма – а, доп – д.

5. Сергіту сәті

Балалар қимыл-қозғалыс арқылы сергіп алады.

6. Қорытынды

Балалар бүгін не үйренгенін айтады:

Мен дыбысты үйрендім.

Мен буынды үйрендім.

Мен сөзді үйрендім.